



**Коммерциялық емес
акционерлік
қоғам**

**АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**

Өнеркәсіптік
жылу энергетика
кафедрасы

ХИМИЯ

5B071800 – Электр энергетикасы,
5B081200 – Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету
мамандығының студенттері үшін есеп-сызба жұмыстарды орындау бойынша
әдістемелік нұсқаулықтар

Алматы 2015

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Каленова Ж.А. Химия. 5В071800 – Электр энергетикасы, 5В081200 – «Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету мамандығының студенттері үшін есептеу-сызба жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар – Алматы: АЭЖБУ, 2015.–36 б.

Әдістемелік нұсқаулықтар 5В071800 – Электр энергетикасы 5В081200 – Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету мамандықтары студенттеріне арналған.

Кесте – 1, әдеб. көрсеткіші – 11 атау.

Пікір беруші: ЭТН каф.доц. Надиров Е.Г.

Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2015 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2015 ж.

Кіріспе

Осы тапсырмалар химияны 2 кредит көлемінде оқитын 5B071800 – Электр энергетикасы 5B081200 – Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету мамандығының 1- курс студенттеріне арналған, яғни әр студент белгіленген мерзімде 2 ЕСЖ әрқайсысын жеке-жеке орындап, тапсырады. Жұмыстар АЭЖБУ «Оқу жұмыстары» фирмалық стандартының талаптарына сәйкес жасалады.

Тапсырмалар теорияның, заңдарының, процестерінің, қасиеттерінің, заттардың және химиялық реакцияның жүру шартының түсініктемелерін, сондай-ақ реакция теңдеулерін және химиялық формуланы құрастыра алуды қарастырады.

Әр студент тапсырма нұсқасын оқытушының келісімімен (журналдағы тізім бойынша да болады) орындайды.

1 №1 есептеу-сызба жұмысы. Негізгі заңдар, химиялық байланыс және химиялық кинетика

№1 ЕСЖ мақсаты: атом, молекула, моль, эквивалент және т.б. сияқты фундаментальды түсініктерді қарастыру, қосылыстардың физикалық және химиялық қасиеттерін оқып үйрену, химиялық теңдеу бойынша, химияның негізгі түсініктері мен заңдары, сонымен қатар атомдық ядро мен атом құрылысы бойынша, химиялық элементтердің периодтық жүйесі және молекула құрылысы бойынша есептеуді білу болып табылады. Энергия шығындарын және энергетикалық эффектісін есептеуді, реакция өнімін алу жылдамдығы мен шығынын есептеуді, химиялық процестердің жылдамдығына әсер етуді білу, сонымен қатар сол және басқа құрылғылардағы, қондырғылардағы және аспаптардағы қажетсіз реакциялар туралы ескерту.

1.1 Химияның негізгі заңдары

Мысал: массасы 6,4 г болатын бромдағы Br_2 молекула санын есептеңіз.

Шешуі: бромның молярлық массасы $M(Br_2) = 160 \text{ г/моль}$ екендігін ескере отырып, Br_2 - дегі заттың санын формула бойынша есептейді:

$$n(Br_2) = \frac{m(Br_2)}{M(Br_2)}; \quad n(Br_2) = \frac{6,4 \text{ г}}{160 \text{ г/моль}} = 0,04 \text{ моль.}$$

Заттағы молекула (құрылымдық бірлік) санын есептейді:

$$N(Br_2) = n(Br_2) \cdot N_A,$$

$$N(Br_2) = 0,04 \text{ моль} \cdot 6,02 \cdot 10^{23} \text{ моль}^{-1} \approx 2,41 \cdot 10^{22}.$$

Эквивалент заңы бойынша есептеулер.

Мысал: массасы 4,14 г металды өртеген кезде оның 4,46 г оксиді алынды. Егер оттектің эквиваленті 8-ге тең болса, металдың эквивалентін анықтаңыз.

Шешуі: металдың тотығуына жұмсалған оттектің массасын табамыз:

$$m(O) = 4,46 - 4,14 = 0,32 \text{ г.}$$

Эквиваленттер заңына сәйкес:

$$\frac{m(Me)}{m(O)} = \frac{\mathcal{E}(Me)}{\mathcal{E}(O)};$$

$$\mathcal{E}(Me) = \frac{m(Me) \cdot \mathcal{E}(O)}{m(O)} = \frac{4,14 \cdot 8}{0,32} = 103,5.$$

1. Келесі заттардың мольдік массасы қандай: HNO_3 , $Al(OH)_3$, Cr_2O_3 , K_2CO_3 ? Әрбір 200 г заттың құрамындағы моль санын анықтаңыз.

2. Келесі заттардың мольдік массасы қандай: $FeSO_4$, K_2SO_4 , Na_3PO_4 , $NaCl$? Әрбір 200 г заттың құрамындағы моль санын анықтаңыз.

3. а) $6,02 \cdot 10^{24}$ метан молекулаларын; б) $1,8 \cdot 10^{28}$ хлор атомдарын;
 в) $3,01 \cdot 10^{23}$ көміртегі диоксидінің молекулаларын мольмен өрнектеңіз.
4. а) $30,1 \cdot 10^{25}$ фосфин молекулаларын; б) 19,6 г күкірт қышқылын;
 в) $1,5 \cdot 10^{23}$ көміртегі диоксидінің молекулаларын мольмен өрнектеңіз.
5. Массасы 2 г аммиак пен көміртегі диоксидінің құрамындағы молекулалар санын салыстырыңыз.
6. Көлемі 2 см^3 (қ. ж.) сутегіде қанша молекула бар?
7. Массасы 1,0 г сутегінің, метанның, көміртегі (II) оксидінің, азот (II) оксидінің және оттегінің (қ. ж.) көлемін анықтаңыз.
8. Көлемі 1 м^3 (қ. ж.) кез келген газда қанша молекула бар?
9. Сәйкесінше, массалары 56, 640, 110, 70 г тең, азот, оттегі, көміртегі (IV) оксиді, көміртегі (II) оксиді газдары (қ. ж.) қанша көлемді құрайды?
10. Егер температурасы 91°C және қысымы 98642 Па кезінде газ көлемі 608 см^3 болғандағы газдың (қ. ж.) көлемін есептеңіз.
11. Температурасы 25°C және қысымы 85312 Па кезінде газ көлемі 820 см^3 тең. Газдың (қ. ж.) көлемін есептеңіз.
12. Егер температурасы 15°C және қысымы 95976 Па кезінде газ көлемі 912 см^3 болғандағы газдың (қ. ж.) көлемін есептеңіз.
13. Температурасы 91°C және қысымы 98,7 кПа кезінде кейбір газ көлемі $0,4 \text{ дм}^3$ тең. Газдың (қ. ж.) көлемін есептеңіз.
14. Температурасы 7°C кезінде жабық ыдыстағы газдың қысымы 96,0 кПа-ға тең. Егер ыдысты -33°C дейін салқындатса, қысымы қандай болады?
15. Егер температурасы 0°C және қысымы 93,3 кПа болғанда қ. ж. көлемі 773 см^3 тең болса, ауаның көлемі қандай болады?
16. а) гидрофосфаттың; б) дигидрофосфаттың; в) ортофосфаттың түзілу реакциясындағы фосфор қышқылының эквивалентін және эквиваленттік массасын есептеңіз.
17. H_2S , P_2O_5 , CO_2 қосылыстарындағы күкірттің, фосфордың және көміртегінің эквиваленттік массаларын анықтаңыз.
18. Калий гидроксидінің артық мөлшері мына ерітінділерге әсер етеді:
 а) калий дигидрофосфаты; б) висмут (III) дигидроксонитраты. Осы заттардың калий гидроксидімен реакция теңдеуін жазыңыз және олардың эквиваленті мен эквиваленттік массаларын анықтаңыз.
19. Келесі темір қосылыстары: а) темір дигидрохлориді; б) темір гидроксидихлориді; в) темір трихлориді түзілетін темір (III) гидроксидінің хлорлысутек (тұз) қышқылымен реакция теңдеуін жазыңыз. Келтірілген әр реакциядағы темір (III) гидроксидінің эквиваленті мен эквиваленттік массасын есептеңіз.
20. а) сульфаттың; б) гидросульфаттың түзілу реакциясындағы күкірт қышқылының эквиваленттік массасын есептеңіз.
21. Оттегінің, сутегінің және хлордың (қ. ж.) эквиваленттік көлемі нешеге тең?
22. Егер эквиваленттік массасы 12 г/мольге тең, массасы 24 г магниймен массасы 98 г H_2SO_4 әрекеттескені белгілі болғандағы күкірт

қышқылының эквиваленттік массасын анықтаңыз.

23. Массасы 4,8 г магний жанғанда, массасы 8,0 г оксид түзілді. Магнийдің эквиваленттік массасын анықтаңыз.

24. Массасы 2,20 г металл сутегімен әрекеттескенде, массасы 2,52 г гидрид түзілді. Металдың эквиваленттік массасын анықтаңыз және гидридтің формуласын жазыңыз.

25. Массасы 0,44 г металл реакциясына эквиваленттік массасы 79,9 г/мольге тең, массасы 3,91 г бром қажет болды. Металдың эквиваленттік массасын анықтаңыз.

26. Массасы 1,25 г металдан массасы 5,22 г нитрат алынады. Осы металдың эквиваленттік массасын есептеңіз.

27. Егер массасы 10,1 г алюминий жанған кезде, массасы 18,9 г оксид түзіледі, алюминийдің эквиваленттік массасын есептеңіз.

28. Массасы 0,464 г металл оксиді ыдырағанда, массасы 0,432 г металл алынды. Металдың эквиваленттік массасын анықтаңыз.

29. Массасы 3,08 г гидроксидін бейтараптауға массасы 3,04 г хлорлысутек қышқылы жұмсалды. Гидроксидтің эквиваленттік массасын есептеңіз.

30. Массасы 14,7 г ортофосфор қышқылын бейтараптауға массасы 12,0 г NaOH жұмсалды. Ортофосфор қышқылының эквиваленттік массасы мен негізділігін есептеңіз. Сәйкес келетін реакция теңдеуін жазыңыз.

1.2 Тұздардың түзілу реакцияларының теңдеулерін құрастыруы

Тұздардың түзілу реакцияларының барлық теңдеулерін, құрастыруы. Түзілген тұздарды атаңдар.

31. Күкіртті қышқыл + хром (III) гидроксиді.

32. Күкірт қышқылы + магний гидроксиді.

33. Селен қышқылы + алюминий гидроксиді.

34. Хром қышқылы + темір (II) гидроксиді.

35. Көмір қышқылы + натрий гидроксиді.

36. Ортофосфор қышқылы + калий гидроксиді.

37. Марганец қышқылы + никель гидроксиді.

38. Азотты қышқыл + висмут (III) гидроксиді.

39. Азот қышқылы + темір (II) гидроксиді.

40. Күкіртсутек қышқылы + магний гидроксиді.

41. Хлорсутек қышқылы + қалайы (IV) гидроксиді.

42. Хлор қышқылы + темір (III) гидроксиді.

43. Ортокүшән қышқылы + калий гидроксиді.

44. Күкірт қышқылы + магний гидроксиді.

45. Метакремний қышқылы + стронций гидроксиді.

46. Хлорлылау қышқылы + хром гидроксиді.

47. Ортокремний қышқылы + калий гидроксиді.

48. Дихром қышқылы + висмут (III) гидроксиді.
49. Қалайы қышқылы + стронций гидроксиді.
50. Марганецті қышқыл + темір (II) гидроксиді.
51. Бор қышқылы + барий гидроксиді.
52. Метафосфор қышқылы + никель гидроксиді.
53. Хлорлылау қышқылы + алюминий гидроксиді.
54. Хлор қышқылы + никель гидроксиді.
55. Азотты қышқылы + темір (II) гидроксиді.
56. Күкіртсутек қышқылы + берилий гидроксиді.
57. Селенсутек қышқылы + барий гидроксиді.
58. Азотты қышқылы + хром (III) гидроксиді.
59. Йодсутек қышқылы + темір (II) гидроксиді.
60. Хром қышқылы + стронций (II) гидроксиді.

1.3 Атомдар құрылысы. Д.И. Менделеевтің периодтық заңы мен элементтердің периодтық жүйесі


Мысал: табиғи литий тұрақты ${}^6_3\text{Li}$ (7,3%) және ${}^7_3\text{Li}$ (92,7%) екі изотоптан тұрады. Литийдің атомдық массасын осы мәліметтерден есептеңіз.

Шешуі:

$$A_r = \frac{A_1C_1 + A_2C_2}{100} = \frac{6 \cdot 7,3 + 7 \cdot 92,7}{100} = 6,927.$$

Мысал: қандай элементтің – натрий немесе цезий – металдық қасиеті айқындау байқалады?

Шешуі: натрий мен цезий атомының электрондық қауыз құрылысы мына төмендегідей жазылады:



Екі элементтің де сыртқы энергетикалық деңгейінде бір электроннан бар. Бірақ та цезий атомының сыртқы энергетикалық деңгейіндегі электрон ядродан алыстау орналасқан (цезийде алтыншы энергетикалық деңгейде, ал натрийде – үшіншіде). Ендеше, электрон (цезийден) жеңіл бөлінеді. Металдық қасиет электронды беру қабілеттілігімен байланысты болғандықтан, ол цезийде айқындау байқалады.

61. Берілген энергетикалық деңгейдегі энергетикалық деңгейшелер саны қаншаға тең? Егер энергетикалық деңгейде 4 деңгейшесі болса, оның бас квант саны қандай мәнмен сипатталады? Олардың әріптік белгіленуін көрсетіңіз.

62. Реттік нөмірлері 12, 13, 23 болатын элементтер атомындағы сыртқы электрондардың n және l квант санының мәндерін көрсетіңіз.

63. Реттік нөмірлері 18, 63 болатын атомдардың электрондық және электронды-сызбалық формулаларын жазыңыз. Олар электрондық түрдің

қайсысына жатады?

64. Реттік нөмірлері 27, 83 болатын атомдардың электрондық және электронды-сызбалық формулаларын жазыңыз. Осы элементтер атомында қанша бос f -орбитальдары бар?

65. Алюминий атомындағы электрондар күйін сипаттайтын n , l , m_l және m_s квант сандары қандай мәндерді қабылдайды.

66. s -, p -, d -, f - деңгейшелеріндегі электрондардың максимал саны қанша болады? Реттік нөмірі 51 болатын атомның электрондық және электронды-сызбалық формулаларын жазыңыз.

67. Элементтің белгілі атомдық нөмірі бойынша оның периодтық жүйедегі орнын қалай анықтауға болады? Элементтің периодтық жүйедегі орнын оның химиялық қасиеттері туралы қандай ақпаратты береді? Атомдық нөмірлері 21 және 35 элементтеріне мысал көрсетіңіз.

68. Кейбір элементтер атомдарының сыртқы энергетикалық деңгейіндегі электрондардың квант сандары келесі мәндерден тұрады: $n = 5$, $l = 0$, $m_l = 0$, $m_s = +1/2$. Осы элемент атомында қанша бос $4d$ -орбитальдары бар? Осы атомның электрондық және электронды-сызбалық формулаларын жазыңыз.

69. Бас квант саны 3 және 4-ке тең электрондардың l , m_l , m_s квант сандарының мәнін жазыңыз.

70. Типтік металдардың бейметалдардан айырмашылығы неде, амфотерлі металдардың типтік металдардан айырмашылығы неде? Элементтердің атомдық нөмір артқан сайын оның металдық қасиеттері неге және қалай өзгереді? Бейметалдардың, типті және амфотерлік металдардың мысалдарын келтіріңіз; принциптік айырмашылығын реакция теңдеулерімен көрсетіңіз.

71. Қозған күйдегі атомдар: а) күкірттің; б) хлордың; в) фосфордың; г) ванадийдің қанша бос $3d$ -орбитальдары бар?

72. Реттік нөмірлері 10, 15, 33 болатын элементтер атомындағы сыртқы электрондардың n және l квант санының мәндерін көрсетіңіз.

73. Қозбаған күйдегі атомдар: а) магнийдің; б) алюминийдің; в) көміртегінің; г) бордың; д) күкірттің қанша жұптаспаған электрондары бар?

74. Реттік нөмірлері 39 және 41 болатын элемент атомдарының электрондық және электронды-сызбалық формулаларын жазыңыз. Осы элементтер атомында қанша бос d -орбитальдары бар?

75. Бірінші элементте $4s$ -электронның біреуі $3d$ -деңгейшесіне «құлауын» ескере отырып, реттік нөмірлері 24 және 33 болатын элемент атомының электрондық және электронды-сызбалық формулаларын жазыңыз. Бірінші атомның d -электронының және екінші элемент атомының p -электронының максималды спині нешеге тең?

76. Типтік металдардың химиялық қасиеттері бейметалдардан және амфотерлік металдардан айырмашылығы неде? Типті металдың, амфотерлік металдың және бейметалдың мысалында реакция теңдеулерімен олардың химиялық қасиетеріндегі айырмашылығын көрсетіңіз.

77. Элементтердің периодтық жүйедегі орналасуы бойынша, неге $\text{Be}(\text{OH})_2$ амфотерлік негіз болып табылады, ал $\text{Ca}(\text{OH})_2$ – типті болып. Берілген гидроксидтерін қасиеттерін көрсететін реакциялардың теңдеулерін молекулалық және иондық күйінде жазыңыз.

78. Атом құрылысы туралы оқып үйрену химиялық элементтердің қасиетінің өзгеруіндегі периодтылықты қалай түсіндіреді? Не себептен периодтық жүйеде хром мен күкірт бір топта орналасқан? Неге оларды әртүрлі топшаларға орналастырады?

79. Реттік нөмірдің физикалық мәні қандай және неге элементтің химиялық қасиеті ақырында оның атомының ядро зарядымен анықталады? Элементтердің қайсы қатары атомдық радиусының өсуі бойынша орналасқан: а) Na, Mg, Al, Si; б) C, N, O, F; в) O, S, Sc, Fe; г) I, Br, Cl, F?

80. Периодтық жүйенің құрылымы қандай? Периодтар, топтар және топшалар. Топ және период нөмірлерінің физикалық мағынасы. Период пен топ бойынша негізгі топша элементтерінің қасиеті қалай өзгереді? Бұл өзгерістердің себебі неде? Не себептен периодтық жүйеде фосфор мен ванадий бір топта орналасқан? Неге оларды әртүрлі топшаларға орналастырады?

81. Период нөмірі қандай квант санының мәніне сәйкес келеді? Атом құрылысы туралы оқып үйренуден периодқа анықтама беріңіз. а) F және Cl; б) N және P атомдарының ұқсастығы мен өзгешелігі неде?

82. Периодтық жүйедегі периодтардың қайсысы кіші, қайсысы үлкен деп аталады? Олардың әрқайсысындағы элементтер саны немен анықталады? Әр периодтағы элементтер санын біле отырып, периодтық жүйедегі элемент орнын және реттік нөмірлері 35, 42, 56 бойынша негізгі химиялық қасиетін анықтаңыз.

83. Асыл газдар периодтық жүйенің қай жерінде орналасқан? Неге бұрын олар нөлдік топты құраған және оларды қалай атаған?

84. Неліктен сутегіні периодтық жүйенің I және VII топтарына орналастырған? Осы екі жағдайға қандай түсініктеме беруге болады?

85. Периодтық заңның қазіргі тұжырымын беріңіз. Оның Д. И. Менделеев берген тұжырымнан айырмашылығы неде? Периодтағы реттік нөмірдің жоғарлауымен атомдық радиустың төмендеуінің және топтағы реттік нөмірдің жоғарлауымен атомдық радиустың жоғарлауының жалпы үрдісін немен түсіндіруге болады?

86. Электрондардың «құлауы» қандай элементтердің атомында жүзеге асады? Бұл әсердің себебін түсіндіріңіз.

87. Қалыпты жағдайда бос күйінде тек 11 химиялық элемент газ және бос күйінде 2 элемент сұйық болып табылады. Осы элементтердің аталуын және символын көрсетіңіз.

88. Екі элемент атомындағы валенттік электрондар конфигурациясы мына формулалар бойынша өрнектеледі: а) $3s^23p^2$ және $4s^23d^2$; б) $4s^23d^3$ және $4s^23d^104p^3$. Бұл элементтер қайсы периодтарда және топтарда орналасқан? Олар валенттік электрондар саны бірдей бола тұра, өз қасиеттері бойынша

ерекшеленуі керек пе?

89. Әр периодтағы элементтер санын біле отырып, периодтық жүйедегі элемент орнын және реттік нөмірлері 17, 24 және 38 бойынша негізгі химиялық қасиетін анықтаңыз.


90. Д. И. Менделеев өз тұжырымына сүйене отырып, жүйеде теллурды йодтың алдына қойған, ал кобальтты никельдің алдына қойған. Осыны түсіндіріңіз.

1.4 Химиялық байланыс және термохимия


Бұл есептерді шығарудың мақсаты: химиялық және физика-химиялық процестердің бағыты мен мүмкіндігін оқып үйрену, энергия шығындарын және энергетикалық эффектісін есептеуді, реакция өнімін алу жылдамдығы мен шығынын есептеуді, химиялық процестердің жылдамдығына әсер етуді білу, сонымен қатар сол және басқа құрылғылардағы, қондырғылардағы және аспаптардағы қажетсіз реакциялар туралы ескерту.

Мысал: неліктен көміртек көп жағдайда төрт валентті?

Шешуі: қоздырылмаған (негізгі) күйдегі көміртеkte электрондар сыртқы деңгейдегі орбитальдар бойынша тарала орналасады:



Бұған сәйкес көміртек екі валентті, өйткені ең қарапайым жағдайдағы валенттілік жұптаспаған электрондар санымен анықталынады. Бірақ көміртек атомында бос бір $2p$ -орбиталь бар, оған салыстырмалы түрдегі өте аз энергия жұмсалғанда бір $2s$ -электрон ауысады. Нәтижеде жұптаспаған электрондар саны төртке дейін артады (жетеді):



Электронның $2p$ -орбитальға ауысуы үшін жұмсалатын энергиясы, қосымша екі байланыс пайда болған тұстағы бөлінетін энергиямен теңестіріледі.

91. Мына байланыстардың ішінде Ca – H, C – Cl, Br – Cl қайсысы ең полярлы және неге?

92. Неге фосфордың максимальды коваленттілігі 5-ке тең, ал азоттың мұндай валенттік күйі жоқ? Түсіндіріңіз.

93. Салыстырмалы электртерістілік мәнін пайдалана отырып, молекулалардағы байланыстың иондық дәрежесін анықтаңыз: а) CH_4 , CCl_4 , CO_2 ; б) NH_3 , NO , Mg_3N_2 ; в) LiCl , LiI , Li_2O ; г) HF , HCl , HBr ; д) SO_2 , SeO_2 ,

TeO₂.

94. Мына байланыстардың ішінде K – S, H – S, Br – S, C – S қайсысы ең полярлы және неге?

95. H₂O, NaN, HI, CH₄ молекуласындағы электрондық тығыздық қай атомға қарай ығысады?

96. Қандай коваленттік байланыс полярлы деп аталады? Коваленттік байланыстың полярлығының сандық өлшемі ретінде не қызмет етеді? Мысал келтіріңіз. Қандай химиялық байланысты сутектік деп атайды? Ол қандай заттардың молекулаларының арасында түзіледі? Мысал келтіріңіз.

97. Қандай кристалдық құрылымдар иондық, атомдық, молекулалық және металдық деп аталады? Айтылған құрылымдар қай заттардың кристалында бар: алмаз, натрий хлориді, көміртегі диоксиді, мырыш?

98. Қандай химиялық байланысты иондық деп атайды? Оның түзілу механизмі қандай? Иондық байланыстың қандай қасиеті коваленттік байланыстан өзгеше етіп тұр? Типтік иондық қосылыстарға мысал келтіріңіз.

99. Молекулалық әрекеттесудің қандай күштерін бағытталушы, индукциялық және дисперсиялық деп атайды? Бұл күштер қай кезде пайда болады және олардың табиғаты қандай?

100. Жалпы атомдар немесе атомдық орбитальдар электронының қандай күйін валенттік деп атайды? Оттегі және күкірт, фтор және хлор атомдары үшін қанша валенттік күй мүмкін? Коваленттік байланыстың түзілуінің қандай тәсілі донорлы-акцепторлы деп аталады? NH₄⁺ және BF₄⁻ иондарында қандай химиялық байланыстар бар? Донор мен акцепторды көрсетіңіз.

101. Этилен мен ацетилен молекуласындағы байланыс энергиясы, сәйкесінше, 383,2 және 433,7 кДж/мольге тең. Қайсы молекуладағы байланыс өте мықты?

102. Бор хлориді мен аммиак молекуласының кеңістіктегі әртүрлі құрылымының себебі неде?

103. Қандай химиялық байланысты коваленттік деп атайды? Оның негізгі қасиеттерін сипаттаңыз. Неге коваленттік байланыс түзілу кезінде атомдар арасындағы арақашықтық дәлме-дәл белгілі? Ол қалай аталады?


104. Байланыстың еселілігі дегеніміз не? Байланыстың еселілігінің өсуі оның ұзындығы мен энергиясына қалай әсер етеді?

105. а) C₂H₆, C₂H₅OH, CH₃COOH, CH₃Cl молекулаларындағы көміртегінің; б) NaCl, NaClO₃, NaClO₄, Ca(ClO)₂ молекулаларындағы хлордың коваленттілігі мен тотығу дәрежесін анықтаңыз.

Осы бөлімнің есептерін шығару кезінде заттардың термодинамикалық сипаттамасы берілген кестені пайдаланыңыз.

Мысал: егер 1,12 л (қ. ж.) ацетиленді жаққан кезде 67,5 кДж жылу бөлінетіндігі белгілі болғандағы, ацетиленнің жану реакциясының жылу эффектісін есептеңіз және осы реакцияның термохимиялық теңдеуін құрастырыңыз.

Шешуі: жалпы түрдегі теңдеуді құрастырамыз:



C_2H_2 санын (мөлшерін) есептейміз:

$$n(\text{C}_2\text{H}_2) = \frac{V}{V_m} = \frac{1,12}{22,4} = 0,05 \text{ моль.}$$


Теңдеуден алынады, ол 2 моль C_2H_2 жаққанда Q кДж бөлінеді.

Онда:

$$\frac{2}{Q} = \frac{0,05}{67,5},$$

$$Q = 2700 \text{ кДж (реакцияның жылу эффектісі).}$$

Термохимиялық теңдеудің түрі:



106. Нәтижесінде су буы мен көміртегі диоксиді түзілетін, бір моль $\text{C}_2\text{H}_{6(g)}$ этанның жану реакциясының термохимиялық теңдеуін жазыңыз және жылу эффектісін есептеңіз. Көлемі 1 м^3 (қ. ж.) этан жанған кезде қанша жылу бөлінеді?

107. Этилен мен су буының әрекеттесуінің нәтижесінде газ тәріздес этил спиртін алуға болады. Осы реакцияның термохимиялық теңдеуін жазып, оның жылу эффектісін есептеңіз.

108. Нәтижесінде газ тәріздес метан мен су түзілетін, көміртегі (II) оксиді мен сутегі әрекеттескендегі реакцияның термохимиялық теңдеуін жазыңыз. Егер көлемі $67,2 \text{ дм}^3$ (қ. ж.) метан алынған кезде, реакция нәтижесінде қанша жылу бөлінеді?

109. Газ тәріздес күкіртті сутек пен көміртегі диоксиді әрекеттескенде, су буы мен газ тәріздес күкіртті көміртегі (CS_2) түзіледі. Осы реакцияның термохимиялық теңдеуін жазыңыз және оның жылу эффектісін есептеңіз.

110. 1 моль сутегі мен 1 моль селен әрекеттескенде, $77,4 \text{ кДж}$ жылу сіңірілді. Селенді сутектің түзілу энтальпиясын есептеңіз.

111. 2 моль мышьяк пен 3 моль сутегі әрекеттескенде, 370 кДж жылу сіңірілді. Арсиннің түзілу энтальпиясын есептеңіз.

112. 1 моль сутегі мен 1 моль хлор әрекеттескенде, 184 кДж жылу бөлінді. Хлорлы сутектің түзілу энтальпиясын есептеңіз.

113. Жай заттардан 1 моль су түзілгенде, 242 кДж жылу бөлінді. Судың түзілу энтальпиясы нешеге тең?

114. Егер массасы $335,1 \text{ г}$ темір алынған болса, темір (III) оксидінің металдық алюминиймен тотықсыздануы кезінде қанша мөлшерде жылу бөлінетінін есептеңіз.



115. Магний карбонатының магний оксиді мен көміртегі диоксидіне ыдырауы кезінде $100,7 \text{ кДж}$ жылу сіңіріледі. Магний карбонатының түзілу жылуын есептеңіз.

116. Массасы $80,0 \text{ г}$ темір (III) оксидінің алюминиймен (алюмотермия реакциясы) тотықсыздануы кезінде $426,3 \text{ кДж}$ жылу бөлінеді. Массасы $5,4 \text{ г}$ металдық алюминийдің жануы кезінде $167,3 \text{ кДж}$ жылу бөлінеді. Осы


мәліметтерді негізге ала отырып, темір (III) оксидінің түзілу жылуын есептеңіз.

117. Көлемі 1 дм³ (қ. ж.) ацетиленнің жануы кезінде 56,053 кДж жылу бөлінеді. Нәтижесінде су буы мен көміртегі диоксиді түзілетін реакцияның термохимиялық теңдеуін жазыңыз. Газ тәріздес ацетиленнің түзілу жылуын есептеңіз.


118. Реакциялардың ΔG^0 табыңыз:



119. Қандай температурада жүйенің тепе-теңдігі орнайды:




120. Fe_3O_4 -ң көміртегі оксидімен тотықсыздануы мына теңдеу бойынша жүреді:



ΔG^0 есептеңіз және қалыпты жағдайдағы осы реакцияның өздігінен жүру мүмкіндігі туралы қорытынды жасаңыз. Осы реакцияның ΔS^0 қаншаға тең?

1.5 Химиялық реакциялардың жылдамдығы. Химиялық тепе-теңдік

Мысал: Азот (IV) оксидінің түзілу реакциясы теңдеумен өрнектеледі:



Тура және кері реакцияның жылдамдығы қалай өзгереді, егер қысымды 3 есе көтерсе, ал температураны тұрақты қалдырса? Реакция жылдамдығының бұл өзгерісі тепе-теңдіктің ығысуын туындата ма?

Шешуі: қысымды көтергенге дейін азот (II) оксидінің, оттектің және азот (IV) оксидінің тепе-теңдіктік концентрациялары келесідей болады делік:

$$[\text{NO}] = a; [\text{O}_2] = b; [\text{NO}_2] = c.$$

Мұндайда тура реакцияның жылдамдығы:

$$x_1 = k_1 \cdot a^2 b,$$

ал кері реакцияның жылдамдығы:

$$x_2 = k_2 \cdot c.$$

Қысымды 3 есеге жоғарылатқан кезде барлық реагенттердің концентрациялары сонша есе көбейеді:

$$[\text{NO}] = 3a; [\text{O}_2] = 3b; [\text{NO}_2] = 3c.$$

Ондайда тура реакцияның жылдамдығы болмақ:


$$x_1 = k_1 \cdot (3a)^2 \cdot 3b,$$

ал кері реакцияның жылдамдығы:

$$x_2 = k_2 \cdot (3c)^2 = k_2 \cdot 9c^2 \text{ -ге тең болады.}$$


Демек, тура реакцияның жылдамдығы 27 есеге, ал керінікі – 9 есеге өскен. Тепе-теңдік тура реакция жағына қарай ығысады, бұл Ле-Шателье ұстанымымен сәйкес.

121. Тура реакция жылдамдығының өрнектелуін жазыңыз:




Бастапқы заттардың концентрациясын екі есе жоғарлатқанда, (а) және (б) тура реакциясының жылдамдығы қалай өзгереді?

122. Тура реакция жылдамдығының өрнектелуін жазыңыз:




Бастапқы заттардың концентрациясын екі есе жоғарлатқанда, (а) және (б) тура реакциясының жылдамдығы қалай өзгереді?

123. Егер бастапқы заттардың концентрацияларын 2 есе жоғарлатса,




сутегі мен бромның әрекеттесу реакциясының жылдамдығы неше есе артады?

124. Егер жүйенің қысымын екі есе жоғарлатса,




тура реакцияның жылдамдығы қалай өзгереді?

125. Егер жүйенің қысымын үш есе жоғарлатса,




тура реакцияның жылдамдығы қалай өзгереді?

126. Егер жүйенің көлемін 5 есе төмендетсе,



күкірттің жану реакциясының жылдамдығы қалай өзгереді?

127. Егер жүйенің қысымы 2 есе жоғарласа,



химиялық реакцияның жылдамдығы қалай өзгереді?

128. Егер температура 30° жоғарласа, ал температуралық коэффициент 3-ке тең болғанда, реакция жылдамдығы қанша есе артады?

129. Егер температураның а) $283 - 323$ К дейін өсуі кезінде реакция жылдамдығының 16 есе артқандағы; б) $323 - 373$ К дейін өсуі кезінде реакция жылдамдығы 1200 есе артқандағы, кейбір реакциялар жылдамдығының температуралық коэффициентін есептеңіз.

130. Егер жылдамдықтың температуралық коэффициенті 3-ке тең болғанда, реакция жылдамдығы 81 есе өсуі үшін температураны қанша градусқа жоғарлату керек?

131. Егер температураны 30 градусқа жоғарлатқанда, жылдамдық 27 есе артады, реакция жылдамдығының температуралық коэффициенті неге тең?

132. Егер $\gamma = 2$, температураны 50° жоғарлатқанда, реакция жылдамдығы неше есе өседі?


133. Жылдамдық 729 есе өсуі үшін реакцияның температурасын қанша градусқа жоғарлату керек ($\gamma = 3$)?

134. Реакция температурасы 60° жоғарлағанда, реакция жылдамдығы

64 есе өсті. Температуралық коэффициентті анықтаңыз (γ).


135. Температураны 20° жоғарлатқанда, реакция жылдамдығы 9 есе өсті. Осы реакцияның температуралық коэффициенті нешеге тең және температураны 30° және 100° жоғарлатқанда, оның жылдамдығы қанша есе артады?

136. Егер жүйедегі қысымды екі есе төмендетсе,




реакция тепе-теңдігі қай жаққа қарай ығысады?

137. Егер жүйенің көлемі үш есе жоғарлағанда,



реакция тепе-теңдігі қай жаққа қарай ығысады?



138. Мына реакцияның:






тепе-теңдік концентрациялары (моль/дм³): $[\text{N}_2] = 0,3$; $[\text{H}_2] = 0,9$; $[\text{NH}_3] = 0,4$.

Егер қысымды 5 есе жоғарлатса, тура реакцияның жылдамдығы қалай өзгереді? Сол кезде тепе-теңдік қай жаққа қарай ығысады?

139. Келесі гомогенді реакциялардың тепе-теңдігіне температура мен қысымның төмендеуі қалай әсер етеді:



140. Келесі гомогенді реакциялардың тепе-теңдігіне температура мен қысымның төмендеуі қалай әсер етеді:




141. Жүйеде:






тепе-теңдік орнады. Температураны жоғарлатқанда, ол қай жаққа қарай ығысады?

142. Жүйеде:





тепе-теңдік орнады. Қысымды жоғарлатқанда, ол қай жаққа қарай ығысады?

143. Қысымды өзгерту арқылы келесі реакциялардың өнімінің шығуын қалай жоғарлатуға болады:






144. Қысымды өзгерту арқылы келесі реакциялардың өнімінің шығуын қалай жоғарлатуға болады:




145. Қандай факторлардың әсерімен келтірілген реакциялардың тепе-

теңдігін оң жаққа қарай ығыстыруға болады:




146. Егер концентрациялары $[CO_2] = 0,30$ моль/дм³; $[H_2] = 0,02$ моль/дм³; $k = 1$ болса,



кері реакцияның жылдамдығы қаншаға тең?


147. Жүйедегі:



бастапқы заттардың алғашқы концентрациялары (моль/дм³): $[CO] = 0,3$; $[Cl_2] = 0,2$. Егер CO концентрациясын $0,6$ моль/дм³ дейін, ал Cl_2 концентрациясын $1,2$ моль/дм³ дейін жоғарлатса, реакция жылдамдығы неше есе артады?


148. NO_2 түзетін NO және O_2 концентрациялары, сәйкесінше, $0,03$ және $0,05$ моль/дм³ тең. Реакция жылдамдығы неге тең?

149. Реакцияға қатысып жатқан заттардың:



бастапқы концентрациялары (моль/дм³): $[N_2] = 1,5$; $[H_2] = 2,5$; $[NH_3] = 0$. Аммиактың концентрациясы $0,5$ моль/дм³ тең болған кезеңде, азот пен сутегінің концентрациялары қандай болды?

150. Реакцияның жүруінің алғашқы кезеңінде:



концентрациялар (моль/дм³): $[CO] = 0,30$; $[H_2O] = 0,40$; $[CO_2] = 0,40$; $[H_2] = 0,05$ болды. 50% су әсер еткен кезеңдегі, барлық заттардың концентрацияларын табыңыз.

2 №2 есептік-сызба жұмысы. Ерітінділер және электрохимия. Металдар химиясы

№2 есептік-сызба жұмысының мақсаты: ерітінділердегі алмасу және тотығу-тотықсыздану реакцияларын қарастыру, сондай-ақ тотығу және тотықсызданудың (электрохимиялық процестер) бөлек жүруін оқып үйрену, себебі бұл процестер кеңінен тараған және ғылым мен техника үшін үлкен маңызы бар.

2.1 Ерітінділердің жалпы қасиеттері

Мысал: $0,01$ М КОН ерітіндісінің рН анықтаңыз.

Шешуі: КОН – күшті электролит, сондықтан $[OH^-]$ концентрациясы сілтінің концентрациясына тең болады, яғни $[OH^-] = 0,01 = 10^{-2}$ моль/л.

$$\text{Онда } pH = -\lg [H^+] = -\lg 10^{-12} = 12.$$

151. Сірке қышқылының $0,01$ М ерітіндісіндегі диссоциациялану

дәрежесі $1,32 \cdot 10^{-2}$ -ге тең. Қышқылдың диссоциациялану константасын есептеңіз.

152. Циансутектің (көгерткіш қышқыл) диссоциациялану константасы $7,9 \cdot 10^{-10}$ -ге тең. $0,001 \text{ M}$ HCN ерітіндісінің диссоциациялану дәрежесі мәнін есептеңіз.

153. $0,01 \text{ M}$ хлорлылау қышқыл ерітіндісінің ($K=5,0 \cdot 10^{-8}$) сутегі иондарының концентрациясын есептеңіз.

154. $0,01 \text{ моль/л}$ MgSO_4 және $0,01 \text{ моль/л}$ MgCl_2 ерітіндісіндегі иондық күшін және иондардың белсенділігін есептеңіз.

155. Мұхит суындағы натрий хлоридтың орташа мөлшері $2,8\%$ құрайды, ал калий хлориді $0,08\%$. Бір тонна судан қанша KCl және NaCl қоспасын шығаруға болады.

156. $0,01 \text{ M}$ сірке қышқылы ерітіндісінің 1 литрінде $6,26 \cdot 10^{21}$ молекулалар және иондар бар. Осы ерітіндінің диссоциациялану дәрежесінің мәнін есептеңіз.

157. Глюкозаның $\text{C}_6\text{H}_{12}\text{O}_6$ сулы ерітіндісіндегі массалық үлесін (%) есептеңіз, егер осы ерітінді $100,26^\circ\text{C}$ қайнаса.

158. Температурасы $-0,405^\circ\text{C}$ -да қататын, судағы массасы $300,00\text{г}$. ерітіндінің құрамындағы кейбір электролит емес ерітіндінің массасы $25,05\text{г}$. электролит еместің мольдік массасын есептеңіз.

159. Кристалдану температурасы $-0,93^\circ\text{C}$ -ге тең, қант сулы ерітіндісінің $\text{C}_{12}\text{H}_{22}\text{O}_{11}$ массалық үлесін (%) есептеңіз.

160. 150 г . судағы массасы 5 г . несепнәр $(\text{NH}_2)_2\text{CO}$ бар сулы ерітіндінің, кристалдану температурасын есептеңіз.

161. 25% -дық ерітіндінің 1 мл-де $0,458 \text{ г}$ еріген зат бар. Осы ерітіндінің, тығыздығын анықтаныз.

162. $100,39^\circ \text{C}$ қайнайтын $\text{C}_3\text{H}_8\text{O}_3$ глицерин ерітіндісінің массалық үлесін (%) есептеңіз.

163. 67% -дық (масса бойынша) $\text{C}_{12}\text{H}_{22}\text{O}_{11}$ сахароза ерітіндісінің молярлығын және еріген заттың молярлық үлесін есептеңіз.

164. 15% -дық (масса бойынша) H_2SO_4 ерітіндісінің ($\rho = 1,10 \text{ г/мл}$) молярлығын, нормальдығын, молярлығын есептеңіз.

165. 18 г . қышқылды 282 см^3 суда ерітіп алынған ерітіндінің тығыздығы $1,031 \text{ г/см}^3$ -ге тең. Осы ерітіндінің титрі нешеге тең? А) пайыздық (С%); б) молярлық (См); в) эквиваленттік (Сн); г) молярлық (См) концентрацияларын есептеңіз.

166. Сутектік көрсеткіші 11 тең 10 дм^3 ерітіндіде қанша грамм калий гидроксиді бар?

167. Бір ерітіндінің сутектік көрсеткіші рН – 2 -ге тең, ал екіншісікі – 6 . 1 дм^3 қандай ерітіндіде сутегі иондарының концентрациясы көп және қанша есе?

168. рН мәндері а) $1,6$; б) $10,5$ тең болатын ерітіндінің $[\text{H}^+]$ және $[\text{OH}^-]$ -иондарының концентрациясын табыңыз және реакцияның ортасын көрсетіңіз.

169. $[H^+]$ - иондарының концентрациясы (моль/дм³): а) $2,0 \cdot 10^{-7}$; б) $8,1 \cdot 10^{-3}$; в) $2,7 \cdot 10^{-10}$ тең ерітіндінің рН мәнін есептеңіз.

170. $[OH^-]$ иондарының концентрациясы (моль/дм³): а) $4,6 \cdot 10^{-4}$; б) $8,1 \cdot 10^{-6}$; в) $9,3 \cdot 10^{-9}$ тең ерітіндінің рН мәнін есептеңіз.

171. Диссоциациялану дәрежесі 0,042-ге тең, 0,01 н сірке қышқылы ерітіндісінің рН мәнін есептеңіз.

172. Келесі әлсіз электролит ерітінділерінің рН мәнін есептеңіз: а) 0,02 М NH_4OH ; б) 0,1 М HCN ; в) 0,05 н $HCOOH$; г) 0,01 М CH_3COOH .

173. $Ni(NO_3)_2$ және Na_2SO_3 тұздар гидролизінің молекулалық және ионды-молекулалық теңдеуін құрастырыңыз. Бұл ерітінділердің рН мәні қандай?

174. $FeCl_3$, Na_2CO_3 және KCl тұздар гидролизінің молекулалық және ионды-молекулалық теңдеуін құрастырыңыз. Бұл ерітінділердің рН мәні қандай?

175. $AlCl_3$, K_2CO_3 және $NaNO_3$ тұздар гидролизінің молекулалық және ионды-молекулалық теңдеуін құрастырыңыз. Бұл ерітінділердің рН мәні қандай?

176. K_2S , $ZnSO_4$ және $NaCl$ тұздар гидролизінің молекулалық және ионды-молекулалық теңдеуін құрастырыңыз. Бұл ерітінділердің рН мәні қандай?

177. $Pb(NO_3)_2$, KCN және $NaNO_3$ тұздар гидролизінің молекулалық және ионды-молекулалық теңдеуін құрастырыңыз. Бұл ерітінділердің рН мәні қандай?


178. Na_3PO_4 , $CuSO_4$ және CH_3COOK тұздар гидролизінің молекулалық және ионды-молекулалық теңдеуін құрастырыңыз. Бұл ерітінділердің рН мәні қандай?

179. BaS , $FeSO_4$ және $NaCN$ тұздар гидролизінің молекулалық және ионды-молекулалық теңдеуін құрастырыңыз. Бұл ерітінділердің рН мәні қандай?


180. а) мырыш бромидің; б) натрий ортофосфатының гидролизінің молекулалық және иондық теңдеуін құрастырыңыз.

2.2 Тотығу-тотықсыздану реакциялары

Мысал: бром мен күкіртті сутек арасында жүретін реакцияны қарастырайық:




Шешуі: реакция теңдеуін жазып және ондағы өзінің тотығу дәрежесін өзгерткен элементтерді бөліп алған соң, бром қабылдаған және күкірт берген электрондар санын анықтайды:




Бұл жағдайда бром өзіне екі электронды қосып алды (ол екеуінде күкірттен алады), ал күкірт болса 8 электронды береді. Демек, сегізді екіге


бөлсек (кейде көбейтеді) бір де төрт болады, яғни бромға 4 коэффициентін енгізеді:



Енді берілген және қосылған электрондар саны бойынша теңестірілген қосынды теңдеуді жазамыз:



Әуелгі теңдеуге алынған коэффициенттерді енгізіп, реакцияға қатысқан басқалар үшін де коэффициенттерді таңдап алған соң, мына теңдеу алынады:



181. Келтірілген заттардың ішінде қайсысы тек тотықтырғыш қасиет, тек тотықсыздандырғыш қасиет және тотықтырғыш та, тотықсыздандырғыш та қасиет көрсетеді: MnO_2 , KMnO_4 , P_2O_5 , Na_2S . Электрондық теңдеуін құрастырып, тотықтырғыш пен тотықсыздандырғышты көрсетіңіз. Қандай зат тотығады, қандай зат тотықсызданады?

182. Келтірілген заттардың ішінде қайсысы тек тотықтырғыш қасиет, тек тотықсыздандырғыш қасиет және тотықтырғыш та, тотықсыздандырғыш та қасиет көрсетеді: K_2SO_3 , HNO_3 , H_2S , NO_2 . Электрондық теңдеуін құрастырып, тотықтырғыш пен тотықсыздандырғышты көрсетіңіз. Қандай зат тотығады, қандай зат тотықсызданады?




183. Келтірілген заттардың ішінде қайсысы тек тотықтырғыш қасиет, тек тотықсыздандырғыш қасиет және тотықтырғыш та, тотықсыздандырғыш та қасиет көрсетеді: Cr , Na_2CrO_4 , KCrO_2 , $\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7$. Электрондық теңдеуін құрастырып, тотықтырғыш пен тотықсыздандырғышты көрсетіңіз. Қандай зат тотығады, қандай зат тотықсызданады?

184. Келтірілген заттардың ішінде қайсысы тек тотықтырғыш қасиет, тек тотықсыздандырғыш қасиет және тотықтырғыш та, тотықсыздандырғыш та қасиет көрсетеді: NH_3 , KClO_2 , N_2 , KNO_3 , K_2MnO_4 . Электрондық теңдеуін құрастырып, тотықтырғыш пен тотықсыздандырғышты көрсетіңіз. Қандай зат тотығады, қандай зат тотықсызданады?

185. Келесі өзгерістердің электрондық теңдеуін құрастырып, қайсы процесс – тотығу немесе тотықсыздану екенін көрсетіңіз:



186. Реакциялар мына түрде өрнектеледі:



Тотығу-тотықсыздану реакцияларына коэффициенттерін қойып шығыңыз. Тотықтырғышты және тотықсыздандырғышты көрсетіңіз. Қандай зат тотығады, қандай зат тотықсызданады?

187. Нәтижесінде мына өзгерістерді алуға болатын реакция теңдеулерін жазыңыз: көміртегі → кальций карбиді → кальций гидроксиді → хлорлы әк → хлор → калий хлораты → оттегі.

Электрондық балансын құрып, осы өзгерістер кезінде қайсы процесс – тотығу немесе тотықсыздану екенін көрсетіңіз.

